

**Шардара ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 29-189-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 1 тамызда № 2751 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2023 жылғы 12 қыркүйектегі № 8-46-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 12.09.2023 № 8-46-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 09.02.2022 № 15-89-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3 бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Шардара аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шардара ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 09.02.2022 № 15-89-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. "Шардара ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы" Шардара аудандық мәслихатының 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 26-166-V

шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2649 санымен тіркелген, 2014 жылғы 23 мамырдағы "Шартарап-Шарайна" газетінде жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Б.Серманизов*

*Т.Бердібеков*

Шардара аудандық мәслихатының

2014 жылғы 27 маусымдағы

№ 29-189-V шешімімен бекітілген

**Шардара ауданында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы Шардара аудандық мәслихатының 09.02.2022 № 15-89-VII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3 бабының 6-тармағына сәйкес әзірленді және аудандық маңызы бар қала, ауыл, шағын аудан, көше тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Аудандық маңызы бар қала, ауылдық округтердің аумағындағы, ауылдың, шағын ауданның, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

## **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиынын аудандық маңызы бар қаланың, ауылдық округтің әкімдерімен шақырылады және ұйымдастырылады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе Шардара ауданы әкімдігінің ресми сайтына олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауыл, шағын аудан, көше, көп пәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді аудандық маңызы бар қаланың және ауылдық округтің әкімімен ұйымдастырылады.

Шағын аудан немесе көше шегінде көппәтерлі үйлер болған жағдайда, көппәтерлі үйдің бөлек жиындары өткізілмейді.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың, шағын ауданның, көшенің , көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

Жергілікті қоғамдастықтың бөлек жиыны осы ауылда, шағын ауданда, көшеде, көппәтерлі үйде тұратын және оған қатысуға құқығы бар тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) кемінде он пайызы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

7. Бөлек жиынды аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Аудандық маңызы бар қала, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, шағын аудан, көше, көп пәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Шардара аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, шағын аудан, көше, көп пәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны аудандық маңызы бар қала және ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.

### **3. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін аудандық маңызы бар қала, ауыл, көше тұрғындары өкілдерінің санын айқындау**

11. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін аудандық маңызы бар қала , ауыл, шағын аудан, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны төмендегідей айқындалады:

жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны:

халық саны 2000 адамға дейінгі елді мекендерде 2 өкілге дейін;

халық саны 2000 мен 4000 адам аралығындағы елді мекендерде 3 өкілге дейін ;

халық саны 4000 адамнан жоғары елді мекендерде 4 өкілге дейін.

12. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің саны:

құрамына 1-3 ауыл енетін ауылдық округтерде 10 өкілге дейін;

құрамына 4-6 ауыл енетін ауылдық округтерде 15 өкілге дейін;

құрамына 7-9 ауыл енетін ауылдық округтерде 20 өкілге дейін.